



*Жыр жұлдызы —  
Жүмекен*





*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*28 қараша Нәжімеденов  
Жұмекен Сабырұлы —  
ақын, жазушы,  
аудармашы, Қазақстан  
гимнінің авторы,  
туғанына 85 жыл  
(1935-1983)*

**Дайынова Арай**  
**Кітапхана ісі мамандығы, 4 курс**  
**студенттерінің практикалық**  
**жұмысы.**





## *Ақын, күйші әрі прозаик*


Жүмекен Сабырұлы Нәжімеденов 1935 жылғы 28 қарашада Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Қошалақ құмының Ашақ деген жерінде дүниеге келді. Ол 1954 жылы Нұржау кеңесіне қарасты Ленин атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін 1954-1955 жылдары "Жас қайрат" сегізжылдық мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген. Кейіннен Қарағандыдағы №33/34 шахтада комбайнердің көмекшісі болып істеген.



Алғашқы өлеңі "Лениншіл жас" газетінде 1955 жылы жарияланды. Тұңғыш өлеңдер жинағы "Балауса" деген атпен 1961 жылы жарық көрген. Қаламгер проза жанрында да қажырлы еңбек етті. Оның қаламынан "Ақ шағыл", "Кішкентай", "Даңқ пен дақпырт" атты романдар туған. Ақынның әңгімелері мен повестері, хикаялары мен сын мақалалары топтастырылып, 2005 жылы "Аспан шақырады" деген атпен басылып шықты.







Жүмекен Сабырұлы асқан күйші болатын. Оның "Күй кітабы" атты шығармасының негізінде 2006 жылы аудио-кітап жарыққа шыққан. Аудиокітапта ақынның күй құдіретін түсіндірген өлеңдері және өнер қайраткерлерінің орындаған туындылары тыңдарманына тарту етілген. Сонымен қатар, 2005 жылы ақынның сөзіне жазылған әндер топтастырылған "Жүмекен – Менің Қазақстаным" деген әндер жинағы басылды.



*"Жүмекенді құдайдан тілеп жүріп көтергем"*

Ақынның жары Нәсіп Мұстақызының журналист Қалампыр Кенжеғалиқызына берген сұхбатында Нәжімеденовтің анасы Мүслима Айдынқызы жайлы сыр шерткен. Ақынның анасы Гурьев облысының Теңіз ауданындағы 13-объезд деген жерде 1915 жылы туған екен.

Тұрмысқа 15 жасында шыққан Мүслима тұңғышы Жүмекенді келін болып босаға аттаған соң 4 жылдан кейін босаныпты.

Жүмекен өз анасын Мүсеке деп атапты.

"Жүмекенді кимешектің ішінен мойныма кара-ала тұсау салып жүріп құдайдан тілеп алдым ғой" деп айтқан екен ақынның анасы.





*Жұмекеннің шығармасында анасына қатысты өлеңдері баршылық, соның ішінде «Қан» деген өлеңі анасына арнап жазған туындысы.*

«Жылдан жылға сөніп барад, түрі, үні –  
Шешем сорлы сауықпайды-ау ғұмыры?  
Кеңсе жақтан кеміп келсең кешқұрым,  
Қанайды да отырады мұрыны.  
Келін баптап ақ көрпесін жапқанға  
«Мені ерекше күтеді» деп мақтанба:  
Жерде – маған,  
Аспанда анау Айға анық –  
Байғұс қартым, бара жатыр айналып,  
Қызыл қаның – ақ қанға...» деп, ақын өзі осы өлеңінде:  
«... Қаны тыйыл-майтын неткен кесел бұл,  
қан төккені аз болып па ед осы елдің?!  
Ұялсам да жарығынан Күн, Айдың  
мен де кейде солқылдап кеп жылаймын.  
Жас ақпайды, сонда көзден,  
бұ да аса,  
арзандықтан болмайтыны рас, ә?  
Жаспен емес, қанмен ғана жылайды  
көзің емес,  
көкірегің жыласа...» дейді.





## *"Менің Қазақстаным" әнінің шығуы*





Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы жарлығымен 2006 жылдың 7 қаңтарынан ресми айналымға Әнұран ретінде енген "Менің Қазақстаным" әні болған. Ән Нәжімеденовтің шығармашылық жолының басында, ақынның 21 жасында жазылған.

Жүмекен Нәжімеденовтің жұбайы Нәсіп Мұстақызының айтуынша, ән осыдан 63 жыл бұрын, 1956 жылы Алматыда, белгілі шаңқобызшы Гүлсара Піржанованың үйінде жазған. Бұл өлең бір қарағанда Қазақстан миллиард пұт астық жинағанына арналып жазылған сияқты болып көрінгенімен, негізінен "ел, жер менікі" деген отаршыларға қарсылықтан туған екен.

*Жүмекен Нәжімеденов пен Шәмші Қалдаяқов*






# Жүмекен Нәжімеденовтың еңбектері





*1983 ЖЫЛДАН КЕЙІН ШЫҚҚАН КІТАПТАР*





# ЕСТЕЛІКТЕР


Жүмекен Нәжімеденовтің әдебиет сарайының қасиетті табалдырығын аттарда таптаурын жолға түспей, өзіндік соқпақ салған, пәлсапалық ойлары мен терең толғаныстары, адам мен табиғат арасындағы диалектикалық байланысты оқушысына иін қандыра жеткізген терең де мазмұнды, өрнекті де ойшыл жырлары халық қазынасынан мәңгілік орын алды.

**Хамидолла Хабдешов**

Жүмекен – ешкімді қайталамайтын кесек тұлға, жұмбақ адам. Оның біз байқай алмаған қыры мен сыры көп секілді көрінеді. Сондай қасиеттерінің бірі – рухани биіктігі, ұстамдылығы, төзімділігі дер едім. Ол өмірінің сәтсіз күндерінің өзінде де күйректік көрсетіп, боркемік боп біреуді даттап, отбасының берекесін алып көрген емес. Бәріне де көне білетін нағыз мәрт жігіт болатын. Ол ешкімнің көңілін қалдыруды, біреуге тікен боп қадалып, озбырлық көрсетуді білмейтін жан еді.

**Мәткәрім Әкімжанов**





Жүмекен, біздің түсінігімізше, тек қана ақын-жазушы емес, айтарлықтай домбырашы, орындаушы, өнер қайраткері деп есептеймін, оған радионың алтын қорында сақталған көптеген күйлері куә.

Жүмекен Нәжімеденовтің өнері әлі де жалғаса береді.

**Құбыш Мұхитов**


Жоғары ұстап ақ туын адамдықтың  
Сөз сөйледің атынан тамам жұрттың.  
Мамыражай заманның жер-жаһанда  
Дәурендеуін мәңгілік арман тұттың.  
Қара көзі елжіреп мейір тұнған  
Діліменен еліне пейіл бұрған.  
Бір асылы жігіттің өзім көрген  
Қазағымда бүгінге дейін туған.

**Темірхан Момбекұлы-Түркістан**



# "Жоқ, ұмытуға болмайды!"

Ақынға туған ауданында *ауыл* және *мектеп* аты, Атырау, Астана және Алматы қалаларында *көше* аты берілген. "Жүмекен" ауылында және Атырау қаласында *ескерткіш* орнатылған. Жүмекен Нәжімеденов туралы "*Жүмекен*" атты деректі фильм және Марат Азбанбаевтың "*Менің Қазақстаным — Жүмекен*" атты зерттеу кітабы жарық көрді.







*Жан – жары Нәсіп Мұстахқызы*

**26 маусым 2015**

**Нәсіп Мұстахқызының "Жүмекен – құдірет" атты естелік кітабы "Мереке баспасы" баспасынан жарық көрді.**



**АЛҒАШҚЫ ХАТ, АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ, ҰЛЫ  
ҰСТАЗДАРЫМНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕРІНЕ СУСЫНДАУ**

Бір Аллаға мың да бір шүкір, қасымда Жүмекеннің жоқтығы болмаса балаларым тыңдайды. Күйеу балаларым, келіндерім сыйлайды. Немерелерім мені “Ақ мама” дейді, оларға еліктеп ауланың балалары да мені “Ақ мама” дейді. Басқасын былай қойғанда Жүмекендей ақынға жар болғаным мен үшін үлкен бақыт. Өзімді бақытты аналардың бірімін деп есептеймін.







*Ақынның ересек кезіндегі естелік суреттері*





*Жүмекен, Сейтжан Омаров, Әбу  
Сәрсенбаев, Есенжол Домбаев.  
Санбаева Жәния, Санбаев Хамза,  
Зейнолла Қабдолов.*



*Жүмекен, Есенжол Домбаев.  
Берқайыр Аманшин, қалижан Бекходжисин,  
Тахауи Ахтанов.*



*Армиян ақыны Юрий Саакаян,  
Есенжол Домбаев, Жүмекен,  
Марфуза Айтқожина*



## *Жұмекенге арнау*



Жұмбақ ойлы ақын көкке аласармас шың биік.  
Тек бір сәттік емес жырын, жырың сенің тұңғиық.  
Сан ойларға шырмалам да өз жолымды іздеймін,  
Жапырақсыз қалып жатқан, мұңлы мына күздеймін.

Сендеп білдім, жыр алыбын, сенен ұқтым тереңді  
Сенің мына жырларыңмен кешіп ғұмыр келемін.  
Асыл аға бар мұранды жыр қып мирас еткенсіз.  
Әдебиет айдынында кеме жүзді желкенсіз.

Ақын аға, мен жырыңды жаныммен сүйемін,  
Туған жерден түлеп ұшқан ақын ұл деп білемін.  
Құрманғазы топырағына қаны тамған дананы,  
Биік ұстап, жырын туғып жүремін.